

Ұлттық валюта - теңге күні туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3753.

Ескерту. Тақырыпқа, кіпіспеге орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1993 жылғы 15 қарашаның Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңге енгізілген күн ретіндегі тарихи маңызын атап өте отырып, сондай-ақ қаржы жүйесі қызметкерлерінің тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі ролін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. 15 қараша Ұлттық валюта - теңге күні, Қазақстан Республикасының Қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып жариялансын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті